

Ресейдің арктикалық кеңейтілген зонасына Коль жарты аралынан Чукотканың тынық мұхиты жағалауына дейінгі территориясы жатады. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарына қарай Азербайжан мен Қазақстанның мұнайлы аудандарынан айырылған Ресейге Солтүстік Арктика шельфінің ресурстарын игеруге тура келеді. Арктикалық шельфтердің мұнай-газ ресурстарын игерудің экономикалық құндылығы құрлық пен теңізде игерілетін көмірсутектердің бағасының теңесілуімен түсіндіріледі. Соңғы жаңа технологиялық жетістіктердің арқасында құрлықтағы кен орындардың қоры шектеулі болғандықтан, құрлықта өндірілетін мұнайдың өзіндік құны, теңіз кен орындарының игерудің өзіндік құнына қарағанда жылдам өсуде. Ғалымдардың есептеулері бойынша Ресейдегі суасты және құрлықасты көмірсутектерін өндірудің өзіндік құны 2015-2020 жж. теңеседі деп болжануда.

Ресейдің арктикалық теңіздерінің континентальды шельфтері отын-энергетика ресурстары қорына айтарлықтай бай, оның көлемі 2,9 млн. км². Бірнеше миллиондаған тонна көмірсутектердің ресурстары бар ірі зоналық нысандарға келесілер жатады: Солтүстік Гуляв және Печера теңізіндегі Барандей; Штокманов, Баренец өзеніндегі Лудлов. Көмірсутектердің қорларының болжамдары бойынша ең зерттелген және перспективтісі ретінде Батыс Арктика акваториясы болып табылады. Баренец және Печора теңіздерінде 70-тен астам, ал Карск өзенінің оңтүстік бөлігінде шамамен 50 мұнай-газ құрылымдары шоғырланған. Көмірсутектердің көптеген түрі мен әртүрлі құрамы бойынша 15-тен кем емес мұнай мен газды жинау аумақтары Баренец теңізді мұнай-газды провинциясында орналасқан, 20-дан астамы Печерск теңізінде, 13-і Батыс Сібір мега провинциясының Оңтүстік Карск мұнай-газ алқабында орналасқан. Батыс Арктика бассейндерінде газ ресурстары ондаған трлн. м³ құрайды, анықталған газ кен орындарының қорлары олардың шамамен 50%-ын құрайды, Баренец-Карск шельфті зонасы 2,3 млн км² астам алқапты алаып жатыр, соның ішінде Баренцев және Печерск шельфтері шамамен 1420 км², ал Карск теңізінің шельфі шамамен 890 мың км². Баренец-Карск шельфтің максималды ені 1550-1700 км. Бұл Баренец-Карск шельфті зонасы жақсы зерттелген. Мұнда мұнай мен газдың ондаған кен орындары ашылған, олардан төртеуі қорлары бойынша алып кен орындарына жатады олар: Штокманов (газоконденсатты); Ленинград, Русанов (газды) және Приразлом (мұнайлы).

Баренец теңізінде ең перспективалы ретінде Штокманов газды конденсатты кен орны болып саналады, ол 1988 жылы ашылған. Ол Жаңа Жер архипелагы аралдарының жағалауынан батыста 290 км-де және Мурманск портынан 650 км жерде орналасқан. Мұнда теңіздің тереңдігі 280-360 м. Газдың алдын ала бағаланған қорлары 3,7 трлн м³, ол өндірістік игеруге дайын деп есептелінуде. Баренец теңізінде сонымен қатар Лупинск, Арктикалық, Мурманск, Ахматов және басқа кен орындары ашылған. Баренец теңіз аумағында тағы да 20 шақты газ қорлары 12 трлн. м³ кен орындары дәлелденген, олардан жылына 10 млрд. м³ газ өндіруге болады.